Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасының PhD докторанты Нурсеитова Лайла Дюсенгалиевнаның «8D02209-Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Жапон аймақтық бастамаларының трансформациясы және «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы Қазақстан – Жапония серіктестігі» атты диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесші, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих ғылымдарының кандидаты Ж. Ашинованың

ПІКІРІ

Қазақстан мен Жапония арасындағы өзара қарым-қатынастар тәуелсіздік жылдарынан бері отыз жылдан астам уақыт бойы дамып келеді. Осы кезеңде екі ел арасындағы саяси-дипломатиялық, экономикалық және мәдени өзара әрекеттестік белгілі дәрежеде зерттелгенімен, аймақтық бастамалар аясындағы серіктестіктің дамуы, әсіресе Жапонияның Орталық Азияға бағытталған сыртқы саясаты мен институционалдық форматтарының қалыптасуы мен трансформациясы ғылыми әдебиетте жеткілікті деңгейде қарастырылмаған.

Осы тұрғыдан, Жапонияның аймақтық бастамалары мен «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы аясындағы Қазақстан-Жапония серіктестігін кешенді талдау өзекті болып табылады. Жапония аймақ елдерімен көпжақты дипломатиялық тетіктер арқылы саяси, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға ұмтылуда, ал Қазақстан үшін бұл формат сыртқы саяси басымдықтарын жүзеге асыру және экономикалық мүдделерін қорғау құралы болып табылады.

Лайла Дюсенгалиевнаның таңдап алған тақырыбы жапонтану категориясындағы халықаралық қатынастар саласында теориялық және практикалық маңызы зор тақырып болып саналады. Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауы «Қазіргі Жапон сыртқы саясатын жүзеге асырудың теориялық негіздері» деп аталған Онда ізденуші аймақтық қарым-қатынастар жүйесінің теориялық парадигмаларының қалыптасуы және жүзеге асырылуын, жаңа әлемдік тәртіптегі Жапон сыртқы саяси стратегиясының доктриналарын, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Жапонияның Орталық Азияға қатысты сыртқы саясаты жан – жақты зерттеулер тұрғысынан жүйелі пайымдайды.

Зерттеу жұмысының «Орталық Азиядағы Жапон бастамаларының трансформациясы» деп аталатын екінші тарауында Жапонияның «Жібек жолы дипломатиясын», «Орталық Азия плюс Жапония» диалогын, «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасының саяси және тарихи себептері мен мәнін қарастырған.

Диссертациялық жұмыстың үшінші тарауы «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы Қазақстан-Жапония серіктестігіне арналған. Ізденуші бұл тарауда Қазақстан мен Жапония ынтымақтастықтың нормативтік-құқықтық негіздерін, екі жақ серіктестіктің саяси консенсус, инновациялық экономика және мәдени-білім берудегі өзара әрекеттестігін, Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық әріптестіктің болашағына талдау жасайды. Демек жұмыстың құрылымында тығыз логикалық байланыс сақталған. Диссертацияның алғы сөзінде тақырыптың өзектілігі ашылып, зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақты баяндалған, сонымен қатар зерттеу нәтижелерінен туындаған жаңалықтар мен негізгі тұжырымдар жүйелі түрде қорытындыланған. Автордың зерттеу аясында жүргізген сарапшылармен сұхбаттары, сауалнама жұмыстары және Жапонияның аймақтық бастамаларына қатысты SWOT-талдауы зерттеудің аналитикалық құндылығын айтарлықтай арттырады және тақырыпты жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Ізденуші таңдаған тақырып өзекті, деректерді жан-жақты пайдаланып, мәселені терең талдап, тың ғылыми қорытындылар мен тұжырымдар жасаған. Зерттеу мақсаты мен міндеттері толық орындалған деп бағалауға болады.

Докторант Л. Нурсеитова ұсынған ғылыми жұмысынан бөлек, осы зерттеу тақырыбына байланысты 2025 жылы 6 наурызда Астана қаласында өткен «Орталық Азия + Жапония: заманауи үрдістер мен перспективалар» атты Сараптамалық Диалогқа қатысты.

Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен нәтижелері бойынша 9 мақала жарияланған, соның ішінде: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті бекіткен басылымдарда 4 мақала, халықаралық конференциялар жинағында 4 мақала және халықаралық Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда 1 ғылыми мақала жарияланған.

«8D02209-Шығыстану» мамандығының докторанты Нурсеитова Лайла Дюсенгалиевнаның «Жапон аймақтық бастамаларының трансформациясы және «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы Қазақстан – Жапония серіктестігі» атты диссертациялық жұмысы барлық талаптарға сай орындалған және қорғауға ұсынуға лайық деп есептеймін.

Отандық ғылыми жетекшісі:
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
доценті, тарих ғылымдарының
кандидаты _____ **Ашинова Ж.Е.**

«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Казахский национальный университет имени аль-Фараби» некоммерческое акционерное общество JOINT-STOCK COMPANY «AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY» FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY 1934 БИН 990140001154

25.03.2026

НАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

«26» 03 2026 ж./г.